

## Академияда - Тәжікстан Республикасының өкілі

Өткен жұмада Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Ғылым кеңесінің залында Тәжікстан Республикасы Әділет министрлігі өкілінің қатысуымен Академия бастығының жанындағы кезектен тыс жедел кеңес өткізілді.

Жедел кеңеске Қылмыстық жазаны орындаудағы Бас басқарма бастығының орынбасары ішкі қызмет генерал – майоры Джумахон Футурович Футуров, академия бастығының орынбасарлары, бөліністердің бастықтары және Тәжікстан Республикасының тыңдаушылары қатысты. Аталған жедел кеңесте келесі сұрақтар талқыланды:

- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және Тәжікстан Республикасы Әділет министрлігінің өзара келісімшарт механизмдерін жетілдіру туралы хаттаманың жан-жақты жағдайларын орындау және сақтау, әділет органдарымен мекеме қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылатумен білім саласындағы ынтымақтастығын нығайту, білім үлгерімінің жағдайы; тыңдаушылардың моральды – психологиялық ахуалының жағдайы туралы сұрақтар қарастырылды.

Полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «Жоғары оқу орнының ғылыми - зерттеу жұмыстарының қызметін жетілдіру бойынша халықаралық ынтымақтастық масштабында ТМД елдерінің қылмыстық-атқару жүйесі үшін білім саласында және кадрларды даярлауда 2009 жылы Академияға Тәжікстан Республикасының 10 азаматы келіп түсті. Бүгінгі таңда, оқу ордасында 25 тыңдаушы білім алып алып жатыр. Осы тыңдаушылардың ішінде білім үлгерімі жағынан, мәдени - көпшілік және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, спортта биік белестерден көрініп жүрген тыңдаушыларымыз да баршылық. Біздің ортақ мақсатымыз – тыңдаушыларды парасатты, әділеттің ақ жолынан таймайтын, адамгершілігі мол, Отаны мен еліне адал қызмет ететін қызметкер ретінде тәрбиелеу, сауатты білім беріп, өз ісінің кәсіби шебері болуына бар күш-жігерімізді жұмсау болып табылады.» деп, сөз кезегін Тәжікстан Республикасының өкілі ішкі қызмет генерал – майоры Джумахон Футуровқа берді.

Джумахон Футуров: «Ең алдымен, өз ризашылығымды басшылыққа және профессорлық-оқытушылар құрамына білдіремін. Қазақстан Республикасының және Тәжікстан Республикасының халқы арасында әрқашан достықпен ынтымақтастық басты орын алады. 2008 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жеті жыл шамасында біздің болашақ қызметкерлерімізге, Сіздің білікті де, білімді, сауатты, кәсіби профессорлық – оқытушылар құрамы білім беріп және туған жерін қорғайтын, парасатты қызметкер болуға тәрбиелеп келеді. Сіздерден білім алып келген қызметкерлеріміз қызмет атқару барысында өздерін жан-жақты білімді екендігін көрсетіп, адал қызмет атқарып жатыр. Қазір қызметкерлер тек қана педагог емес, сонымен қатар психолог болуы тиіс, олардың мақсаты ішкі істер органының қызметкеріне сай қызмет атқару, нормативтік – құқықтық актілерді қызмет атқару барысында қолдану,

заңдылықты сақтау, қылмыстық ортамен күресу болып табылады. Әйгілі қолбасшы Александр Васильевич Суворов: «Тяжело в учении, легко в бою» деп, айтқан болатын. Әрқашанда заңдылықты бұзбау, ішкі күн тәртібін және басшылықтың талаптарын орындау қажет» деп, сөзін тәмамдады.

Іс – шара барысында Академия бастығының орынбасары полиция подполковнигі Олжас Сейтжанов, кадр жұмыс бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Қуат Жанбосынов, психологиялық жұмыс орталығының бастығы полиция подполковнигі Ольга Чиржова сөз сөйледі. Сондай-ақ, ішкі қызмет генерал – майоры Джумахон Футуров тыңдаушылармен кездесіп, олардың қойылған сұрақтарына жауап берді. Аталған іс-шара соңында естелікке суретке түсті.

Академияның  
Баспасөз қызметі